

## Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы ЕСЕП

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 8D015-Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша педагогтарды даярлау (6D011200/8D01510 –Химия) мамандығы бойынша Диссертациялық кеңес

### 1. Өткізілген отырыстар саны жайлы мәліметтер

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 8D015-Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша педагогтарды даярлау (6D011200/8D01510 -Химия) мамандығы бойынша Диссертациялық кеңесінің 2022 жылы 1 отырысы өткізілді (01.01.2022-31.12.2022).

**Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөндері (болған жағдайда)**

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

### 2. Оқу орындары көрсетілген докторанттардың тізімі.

*Бабич Ирина Михайловна* Әлкей Марғұлан атындағы "Павлодар педагогикалық университеті" КеАҚ

**4. Есеп беру жылы бойынша диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:**

*Бабич Ирина Михайловнаның* диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – “Формирование готовности будущих учителей к преподаванию химии на английском языке”

Мамандық: 8D01510 –Химия

Ғылыми кеңесшілері – Шоманова Жанна Кайруллиновна - техника ғылымдарының докторы, Әлкей Марғұлан атындағы "Павлодар педагогикалық университеті" КеАҚ профессоры

Қорғау 2022 жылдың 30-желтоқсанында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- «болашақ мұғалімдердің химияны ағылшын тілінде оқытуға дайындығы» тұжырымдамасының мазмұны нақтыланып, оның құрылымы мен құрамдас бөліктерінің маңызы және мазмұндық сипаттамалары анықталды;
- болашақ мұғалімдердің Қазақстан Республикасы мектептерінде ағылшын тілінде химия пәнін оқытуға дайындығын қалыптастырудың әдістемелік жүйесінің моделі ғылыми негізделді және әзірленді;
- болашақ мұғалімдердің химияны ағылшын тілінде оқытуға дайындығын қалыптастырудың әдістемелік жүйесінің жобаланған үлгісін ойдағыдай жүзеге асырудың арнайы педагогикалық шарттарының жиынтығы айқындалып, теориялық тұрғыдан негізделді.

2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Диссертацияның тақырыбы "Білім және ғылым саласындағы зерттеулер" басымдығы бойынша ҚР Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен басым бағыттарға; Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес келеді: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 Қаулысы.

3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Дайындық деңгейін бағалау құралдары, «Химияны ағылшын тілінде оқыту және оқыту» пәнінің оқу-әдістемелік кешені БПУ-да үшінші курстың болашақ мұғалімдерін кәсіби даярлау процесінде қолданылады (ЭП 6В01540 «Химия») және ОмМПУ-де екінші курс («Биология және химия») профилі бойынша екі оқу профилі бар педагогикалық білім беру), пәнді ағылшын тілінде оқыту үшін химия пәнінің практик мұғалімдерінің, Павлодар облысының жалпы білім беретін мектептерінің жоғары сынып оқушыларының және Назарбаев Зияткерлік мектептерінің біліктілігін арттыру.

## **5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге).**

Рецензенттер ретінде химия және химиядан білім беру салаларына елеулі үлес қосқан ғалымдар тағайындалды. Рецензенттер докторлық диссертацияны біліктікпен талдады.

*Бабич Ирина Михайловнаның* диссертациясы бойынша:

*Минажева Гулшарат Салауатовна* - химия ғылымдарының кандидаты, педагогика ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің стратегиялық даму орталығының директоры, химия және химиялық технология факультетінің аналитикалық және коллоидтық химия, сирек элементтер технологиясы кафедрасының профессорының м. а.

*Жумаканова Ардак Сыдыковна* - химия ғылымдарының кандидаты, Д. В. Сокольский атындағы жанармай катализ және электрохимия институты

## **6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар**

- диссертацияларды қорғауға жіберетін ЖОО мен бітіртуші кафедралар зерттеу жұмысының сапасы мен қорғауға қажетті құжаттарға баса назар аударулары керек.

**7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны:**

	8D01510 –Химия
Қорғауға қабылданған диссертациялар	1
Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-
Қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-
Рецензенттің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-
Қорғау нәтижесі бойынша теріс шешімге ие болған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-

Диссертациялық кеңестің  
төрағасы

  
Жанбеков Х.Н.  
(қолы, аты-жөні)

Диссертациялық кеңестің  
ғалым хатшысы

  
Ильясова Г.У.  
(қолы, аты-жөні)



« 31 » желтоқсан 2022 жыл